

9. Civil procedure code of the Republic of Kazakhstan No. 337-V dated October 31, 2015 (with amendments and additions as of 06.05.2020) [Electronic resource] - URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=34329053

10. The Law of the Republic of Kazakhstan No. 199-V dated April 23, 2014 (with amendments and additions as of 27.12.2019) “On internal Affairs bodies of the Republic of Kazakhstan” [Electronic resource] - URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/P05000001S_

11. Zhamiyeva R.M., Zhakupov B.A., Ganchevsky B. The purposes and tasks of defense in criminal case // Bulletin of the Karaganda University. - № 3(87). - 2017.- P.52-60.(article)

12. The Resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan No. 7 dated November 27, 2015 (with amendments and additions as of 06.05.2020) “On application by courts of the legislation on compensation of moral harm” [Electronic resource] - URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39217526

13. Volodina L. M. Mechanism of protection of individual rights in criminal proceedings. - Tyumen, 1999. .(book)

14. Criminal procedure law of the Republic of Kazakhstan. General part: Academic course. Ed. by Dr. Yu. n., Professor B. H. Toleubekova. Book II.- Almaty: Zheti Zhargy, 2005. (book)

ҒТАМР 10.53.30

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖОБАСЫН ҚАБЫЛДАУ АЯСЫНДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.К. КУРМАНОВА

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Мақалада Ақтөбе өңіріндегі негізгі экологиялық мәселелер және мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына әсерін алдын-алу, болдырмау, шектеу және салдарын жою жөніндегі іс-әрекеттері қарастырылған. Сонымен қатар, жұмыста аталған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі жобасының негізгі ережелері белгіленген. Осы нормативтік құқықтық акті қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің соңғы Жолдауында айтылған [1]. Атап айтқанда, мақалада қазіргі кезде табиғи объектілер мен ресурстардың жағдайы, олардың адам өмірі мен денсаулығына әсері зерттелген. Табиғат пайдаланушылардың өсіп келе жатқан өндірістік белсенділігінің нәтижелері табиғи ресурстарды үлкен көлемінде пайдалануға, демек олардың жағдайының нашарлауына әкеледі. Аймақтың су ресурстары (Елек, Сазды өзендері), химиялық ластануға ұшыраған атмосфералық ауа, жер ресурстары тұрғындардың өміріне әсер етудің негізгі көзі болып табылады. Ұлттық экологиялық заңнамаға жетпістен

астам өзгертулер мен толықтырулар енгізілді және оның ішінде қазіргі уақытта іске асырылуы тиімсіз болып отырған табиғат пайдаланушыларға қатысты көптеген императивтік нормалар қамтиды. Сондықтан жаңа Кодекс жобасын қабылдау кәсіпкерлермен негізгі табағат пайдаланушылар ретінде жаңашылықтар енгізеді.

Түйін сөздер: коршаған орта, қалдықтар, экологиялық заңнама, табиғат пайдаланушылар, қоғамдық бақылау, тұрғындардың денсаулығы, табиғи ресурстар.

Аннотация. В данной работе затронуты основные экологические проблемы, имеющиеся в Актыобинской области, а также действия органов государственной власти по профилактике, недопущению, ограничению воздействия на окружающую среду и здоровье людей и ликвидации последствий. Кроме того, рассматриваются основные положения проекта Экологического кодекса Республики Казахстан, чье принятие установлено в последнем Послании Президента республики Казахстан, в отношении вышеуказанных экологических проблем. В частности, в работе рассматриваются вопросы состояния природных объектов и ресурсов на настоящее время, а также влияния их на жизнь и здоровье человека. Результаты увеличивающейся производственной деятельности природопользователей неизбежно ведут большему использованию природных ресурсов, а значит и ухудшению их состояния. Водные ресурсы региона (реки Илек, Сазды), земельные ресурсы, атмосферный воздух, подвергающиеся химическому загрязнению, являются основными источниками воздействия на жизнедеятельность населения. В национальное экологическое законодательство внесено более семидесяти изменений и дополнений, а также в нем содержится множество императивных норм в отношении природопользователей, чья реализации на данный момент остается неэффективной. Поэтому принятие нового проекта Кодекса вносит новшества в работе с предпринимателями как основными природопользователями.

Ключевые слова: окружающая среда, отходы, экологическое законодательство, природопользователи, общественный контроль, здоровье населения, природные ресурсы.

Annotation This article touches upon the main environmental problems in the Aktobe region, as well as the actions of state authorities to prevent, limit the impact on the environment and human health and eliminate the consequences. In addition, the main provisions of the draft Environmental Code of the Republic of Kazakhstan, whose adoption was established in the last State of the Nation Address of the President of the Republic of Kazakhstan, in relation the above environmental problems are considered. In particular, the work examines the state of natural objects and resources at the present time, as well as their impact on human life and health. The results of the increasing production activities of users of natural resources inevitably lead to a greater use of natural resources, and hence a deterioration in their condition. The region's water resources (Ilek and Sazdy rivers), land resources, atmospheric air, exposed to chemical pollution, are the main sources of impact on the life of the population. More than seventy amendments and additions have been made to the national environmental legislation, and it also contains many peremptory norms in relation to users of national resources, whose implementation at the moment remains ineffective. Therefore, the adoption of a new draft Code introduces innovations in working with entrepreneurs as the main users of natural resources.

Key words: environment, waste, environmental legislation, nature users, public control, public health, natural recourses.

Ақтөбе облысында қазіргі уақытта отыз бес ірі табиғат пайдаланушылар өндірістік қызметті жүзеге асыруда. Нәтижеде олар өңірдің экологиялық жағдайына әсер етеді. Қалада

– жиырма заңды тұлға – табиғат пайдаланушы. Осы пайдаланушылардың өндіріс қалдықтары облыстағы ластаушы заттар жалпы көлемінде жетпіс бес пайыз құрайды.

Біздің өңірде негізгі пайдаланушылары :

- «ТНК Қазхром» акционерлық қоғамның Ақтөбе феррокорытпа зауыты;
- Ақтөбе хром қосындылары зауыты;
- «Ақбұлақ» акционерлық қоғамы болып табылады.

Сонымен қатар республиканың экологиялық жағдайы туралы ұлттық есебі бойынша Ақтөбе қаласының атмосфералық ауаға зиянды қалдықтар көлемі жылына барлық кәсіпорындардан жиырма жеті мың тонна, ал автокөліктерден алпыс бір мың тонна құрайды. Ауаның сапасы нашар болғандықтан жүйке жүйесі мен тыныс алу жүйесінің аурулары, ісік аурыларының саны көбейеді және жаңа туған нәрестелердің дамудың туа біткен ауытқулары жиі кездеседі. Ісік аурулары Ақтөбе қаласының тұрғындарында әр жылда бір жарым мың адамдарда анықталады.

Мақалада жалпы ғылыми, пәнаралық және арнайы зерттеу әдістері қолданылды. Жүйелік талдау әдісі жалпы ғылыми әдіс ретінде көптеген элементтердің бүтінмен байланысы ретінде бір-бірімен өзара әрекеттесуде күрделі процестерді зерттеуге мүмкіндік береді. Диалектикалық әдіс мемлекеттік – құқықтық құбылыстарды және олардың арасындағы байланысты зерттеуге бағытталған. Ғылыми зерттеу пәнін сандық сипаттау пәнаралық статистикалық әдіс қолданылды. Ресми – құқықтық (догматикалық) әдіс арнайы құқықтық терминдер мен институттарды қолдана отырып, құқықтық құжаттарды зерделеуді көздейді.

Қазіргі уақытта жұмыс жасап тұрған өндіріс орындардан басқа ұзақ уақыт қоршаған ортаны ластайтын бірнеше көздер бар. Оның ішінде Алға қаласында орналасқан химия зауыттан қалған ескі шлам жинақтау орны [2]. Ол аймақтағы ең үлкен экологиялық қауіп төндіретін жер. Одан келген бордың экологиялық ережелері мен нормативтері бойынша рұқсат етілген шекті көлемі үнемі жоғары деп көрсетіледі. 80-ші жылдардың соңында осы жерде жар салынды, бірақ ол дұрыс сабынбаған әлде бастапқыда жоба қателіктер болған. Осы ескі шлам жинақтау орнымен қатар жаңадан шлам сақтайтын жаңа қойма салынды. Сонымен қатар, бұрынғы зауыт аумағында химиялық қалдықтарда көп мөлшерде сақталып отыр. Түрлі түсті заттар жердің үстінде жатыр. Кремне – фторлы, күкірт қышқылы мен тыңайтқыштар өндірісінен қалдықтары, ауыр металлдардың тұздары.

2008 жылы осы аумақта Ақтөбе облысының табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасының тапсырысы бойынша кешенді экологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде зерттелген жер ресурстарының сапасы төмен, топырақ ластануы апатты және қалдықтарды адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға

қауіп төндіреді деген қорытынды шығарылды. Осы жерде табылған қалдықтарды «янтарь тізіміне» кіреді деп белгілеген. Тізімге қалдықтардың құрамына кіретін ауыр металдар жатады.

Химия зауыттың өндіріс орындары орналасқан жерлері өте қауіпті деп танылды және ластанған жер санатына жатқызылды. Суперфосфат өндірісінің және пириттік үйінділер орналасқан жер телімдері ерекше, төтенше жадайдағы аймақтарға жатқызылды. Қазіргі уақытта қалдықтар үстінен жабылған, ұшып кетуіне жол бермес үшін. Бәрақ бәрібір кейбір химиялық заттар атмосфералық ауа арқылы басқа жерлерге тарайды.

2019 жылдың 22 маусымда ел басшысы Ақтөбе облысының мәселелерін шешуге басқару мемлекеттік органдарға тапсырма берді [3]. Негізгі себебі: Сазды өзені толық кеуіп қалды. Сондықтан бойынша облыс өзен арналарын кеңейту жұмыстары тоқтатылды. Сонымен қатар облыс әкімшілігі, экология департаменты және бірінші категорияға жататын өндірістік кәсіпорындар арасында қоршаған ортаға қауіпті заттардың шығарындыларын азайту мақсатында келісімге қол қойылды. Келісім аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаның бір бағыты болып табылады.

Жоспарланып отырған жоба атмосфералық ауаны тазарту, тұрақтандыратуды, қалдықтарды қауіпсіз басқару жүйесін құруды, өндірістік ағынды сулардың көлемін азайту және сапасын көбейтуді, екпелерді қорғау мен көбейту және қорғаныш функциясын арттыруды, атмосфералық ауа бойынша мониторинг жүйесін дамыту.

Сонымен қатар, өндірістік қалдықтардың болуы, сақтау орнын белгілемеу және оыс мәселе бойынша құқықтық шешімдердің болмауы аймақтың бүкіл экологиялық жүйесін ластануға әкеледі. Елекке құйылған өндірістік қалдықтар улы және тұрғындардың денсаулығына, өміріне қауіпті. Ластанған су ауылшаруашылық жерлерін суландыру үшін қолданылады. Електің суы Жайыққа құйылады. Кәсіпорындардың өндірістік ғимараттары ұзақ уақыт бұрын салынған және олардың шлам жинақтау орындары қорғаныс құралдарсыз жасалынған [4].

Қазіргі уақытта Елек маңындағы топырақ пен өсімдіктер бормен және хроммен ластанған. Тұрғындардың өмірі мен денсаулығына аса қауіпті алтывалентті хром Ақтөбе қаласының өнеркәсіп аймағында өзенге енеді. Онда негізгі табиғат пайдаланушылар орналасқан: Ақтөбе ферроқорытпа зауытымен Ақтөбе хром қосындылары зауыты. Алтывалентті хром қауіптілік бойынша бірінші класс канцерогені болып саналады. Ол жағымсыз токсикологиялық әсердің барлық спектріне ие. Оның ішінде ұзақ мерзімді канцерогендік, мутагендік және терагендік әсері.

Егер 2017 жылы республиканың экологиялық жағдайы туралы ұлттық есебі бойынша Електің су сапасы ластанудың жоғары деңгейі ретінде бағаланса, 2019 жылдың басында су ресурсында алтывалентті хромның шектелген концентрациясы он – он екі есеге, ал бор елу есеге асып кеткені белгіленді. Облыс аумағында қан, асқазан – ішек, тыныс алу жолдарының аурушандығы жоғары. Қайіпті химиялық заттар адам ағзасына ауа, су және ластанған топырақта өсірілген өнімдер арқылы енеді. Бор мен хром өсімдіктерде жиналады, сондықтан олардың әсері тамақты қабылдау арқылы де жүреді. Олар тері арқылы да ене алатындығы да дәлелденген. Сонымен қатар, осы аталған химиялық заттардың ең жаман көрінісі – адамға генетикалық жағынан әсер етуі. Бұл болашақ ұрпаққа сансыз тұқым қуалайтын аурулар түрінде әсер етуі мүмкін.

Аталған ластаушы заттар биологиялық трансформацияға жатпайды, яғни қауіпсіз күйге дейін ыдырамайды. Олардың қасиеті: ұзақ мерзім жерде, суда сақталуы.

Сонымен бірге мемлекеттік басқару органдары мен табиғат пайдаланушылардың бірлескен жұмысты жүзеге асырылады. Осылайша, қалдықтар мен шығарындылардың нақты көлемі өткен жылдың көрсеткіштермен салыстырғанда 2,2 пайызға, сексен сегіз мың тоннадан 86,1 мың тоннаға азайды. «Казахойл Ақтөбе» ЖШС-нда газ жағуды төмендетуі және «СНПС – Ақтөбе мұнай газ» акционерлік қоғамында отыз мың тонна күкірт өндіріс кезінде пайда болды, оның ішінде жиерма сегіз мың тонна дайын өнім түрінде экспортталды.

2019 жылының аяғында қалдықтар тастау шегі 311 мың тоннадан 312 мың тоннаға дейін өсті. Оның негізгі себебі «Мұнай сервис лтд» және «Монолид Трейд» атты жаңа серіктестіктердің өндірістік қызметпен айналасуына, және «Каспий Нефть ТМЕ» және «Арал Петролеум Кэпитэл» компаниялардың газды жағуға рұқсат алуымен байланысты.

Табиғат және табиғи объектілерін қорғау мақсатында мемлекеттік органдар экологиялық жобаларды жүзеге асыруда. Оның бірі – басында аталған Ақтөбе облысындағы Алға қаласында орналасқан химия зауыттың аумағын тазарту жобасы. Жобаның басталу мерзімі 2017 жыл, бірақ оның ережелері ұлттық заңнамаға сәйкес келмейтіндігі туралы «Эко Қамқор» қоғамдық бірлестігі сот органдарына шағым берді. Бұл Қазақстан Республикасының Экологиялық кодекстің 13, 14 баптарына сәйкес экологиялық мәселері бойынша жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің сот органдарына жүгінуге құқығын жүзеге асыру жағдайы [5]. Жазған талап - арыздың негізгі талабы – жоба бойынша берілген оң қорытынды мемлекеттік сараптаманы қайтарып алу, себебі бұл жобада экологиялық және бюджеттік заңнаманың өрескел бұзушылықтар бар.

Сонымен қатар, зауыт аймағындағы қалдықтар тізімінде 22 атауы көзделген. Олардың ішінде Н11 мен Н12 уыттану белгілері бар қалдықтар: біріншісі – созылмалы ауруларды, соның ішінде қатерлі ісік тудыруы мүмкін, ал екіншісінде адамға токсикалық әсері бар. Жоба

құжаттары осы қалдықтармен жұмыс істеу кезінде қандай да қорғау құралдары мен шараларын қарастырмайды.

Жобада айтылған қалдықтардың қоршаған ортаға жалпы теріс әсер ету дәрежесін бағалауы көзделмеген. Бағалау тек жаңа полигон салу процесіне жоспарланған. Мұнда құрылыс кезінде тұрмыстық қалдықтар мен қоршауды орнату кезінде атмосфералық ауаға шығарындылар көлемі көрсетілген. Және зиянды қалдықтарды қабылдау жұмысы құрылыс жұмыстарымен жүргізілетіндігі белгіленген.

Бірақ жоба арқылы бірден екі сұрақ шешілуі мүмкін. Оның ішінде қауіпті және қауіпті емес қалдықтардың араласуын болдырмау және фильтрацияға қарсы жаңа экрандар салу. Барлық химиялық қалдықтар түрлерге бөлініп секция бойынша көміледі.

Қоғамдық сарапшылардың пікірі бойынша, өңірде назар аударуды қажет ететін негізгі бес экологиялық мәселені белгілеуге болады. Бұл Алға қаласында орналасқан химия зауыты, Көкжиде, су ресурстардың қазіргі жағдайы, ағынды суларды тазарту құрылыстарының жағдайы, алтывалентті хром мен қоқыс жинаушы орындардың орналасуы мен жағдайы.

Көкжиде атты табиғат объектісі Темір өзенінің сағасында орналасқан [6]. Табиғи түрде құммен сүзілетін ең таза судың ерекше табиғи кен орны болып табылады. Көкжиде экологиялық, тарихи - мәдени, рекреациялық, ғылыми объект ретінде мемлекеттік қорғауға жатады. Бірақ оның аумағы үнемі қысқаруда, себебі мұнай компаниялар келісімшарттық аумақтарын көбейтіп жатыр.

Қазақстан Президентінің Жолдауында Экологиялық кодекстің 2020 жылдың аяғына дейін қабылдау туралы айтылған [1]. Айтылған экологиялық мәселелері бойынша кодекстің жобасында ірі кәсіпорындар үшін экологиялық қауіпсіз, қол жетімді үздік технологиялар анықтамалық жасалады. Жобаның ерекшелігі: ол ірі кәсіпорындарда экологиялық таза технологияларды енгізуді белсенді ынталандыруға және шығарындылардың жалпы көлемінің сексен пайыз құрайтын кәсіпорындарға бақылауды күшейтуге бағытталған [7].

Айтылған бақылау мен ынталандыру құралы болып кешенді экологиялық рұқсат болуы керек. Кодексте 1 санаттағы объектілерді салу мен пайдалану үшін кешенді экологиялық рұқсатты алу көзделген [8]. Бұл санатқа қоршаған ортаға және адам денсаулығына елеулі зиянды әсер ететін жобалар жатады. Сондықтан, жер қойнауын пайдаланушылардың көпшілігі және ірі өндірістік кәсіпорындары осы санаттың объектісіне жатқызылады. Осы объектілерге қатысты автоматтандырылған экологиялық мониторинг туралы құқықтық нормасы міндетті болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген табиғат пайдаланушылар өздерінде, кәсіпорындар шығарындыларын көрсететін арнайы қосымшалар, лэд экрандар қолданады. Осылайша, Экологиялық кодекстің жобасы табиғат

пайдаланушыларды қол жетімді үздік технологияларды қолдануға белсенді түрде ынталандырады.

Кодекс жобасында қоршаған ортаға әсерін тигізетін жобаларды іске асыруда міндетті болып табылатын қоршаған ортаға әсерді бағалау тәртібі көзделген. Экологиялық заңнамаға енгізілетін өзгерістер экологиялық тексерулерді реттейді. Бұл іс-әрекет алдын – ала келісусіз өткізіледі. Тексеру негізі болып экологиялық заңнаманы бұзу туралы жеке тұлғалардан, үкіметтік емес ұйымдардан өтініш түсу бекітілген.

Сонымен қатар, қалдықтарды басқару нарығын мемлекеттік реттеуді қатайту мақсатында қалдықтарды қайта өңдеумен айналысатын тұлғаларға лицензиялау тәртібін еігізу қажет. Қоқыс шығаратын тұлғалар шығару жер аймақтарын белгілеу үшін хабарлау жүйесіне көшуге керек.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу азаматтардың өмір сүру сапасына да, мемлекеттің инвестициялық тартымдылығына да тәкелей әсер ететіні белгілі. Ұлттық заңнамада елде кәсіпкерлік қызметін жүргізуді едәуір қиындататын, бірақ сонымен бірге экологиялық тұрғыдан тиімсіз болып қалатын көптеген қатаң ережелер бар. Қабылдағанның бастап Экологиялық кодекске жетпістен астам өзгертулер енгізілді. Бұл оның төмен тиімділігі мен заманауи қатынастарға сәйкес келмейтіндігін көрсетеді. Жаңа Экологиялық кодекстің жобасы экологиялық сұрақтарды құқықтық реттеуде түбегейлі өзгерістер енгізеді.

Жоғарыда келтірілген өзгерістер, басқа бірқатар жаңа ережелер, жалпы айтқанда, қалдықтарды басқарудың құқықтық режимін күшейтеді, оны алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибеге сәйкестендіреді және сонымен бірге қолданыстағы Экологиялық кодекстегі қайшылықтарды жояды.

Осылайша, Кодекстің жобасы қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуде ұлттық экологиялық заңнаманың кемшіліктерін жоюға бағытталған. Ол шетелдік тәжірибе мен Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін ескере отырып маңызды өзгерістер енгізеді. Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі қабылдағаннан қоршаған ортаның қолайлы сапасына жүйелі түрде қол жеткізуге және халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарлауына үміттенуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Мемлекет Басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек // https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g (қарау күні: 04.09.2020) – (интернет көзі)

2. Химия зауытының қалдықтары қатер тұдырып тұр [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <https://egemen.kz/article/204575-khimiya-zauytyynyh-qaldyqtary-qater-tudyryp-tur-qr-ukimetininh-nazaruna!> (қарау күні: 12.08.2020) – (газет мақаласы)
3. Токаев дал поручение новому министерству через Twitter [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://www.zakon.kz/4974477-o-trevozhnoy-ekologicheskoy-obstanovke.html> (дата обращения: 12.09.2020) – (интернет источники)
4. Елек өзенінің ластануы Каспий теңізінің экологиялық ахуалына әсер етуде [Электрондық ресурс]. – 2014. – URL: <https://astanatv.kz/kz/news/34894/> (қарау күні: 10.09.2020) – (интернет көзі)
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 Кодексі «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212> (қарау күні: 10.09.2020) – (интернет көзі)
6. Көкжиде жерасты суларын сақтап қалу қажет [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: <https://egemen.kz/article/210373-kokdgid-dgerasty-sularyn-saqtap-qalu-qadget> (қарау күні: 10.09.2020) – (интернет көзі)
7. Проект Экологический кодекс Республики Казахстан от 30 декабря 2019 года // http://www.unesc.org/fileadmin/DAM/env/Projects_in_Central_Asia/Amendments_EcoCodeKZ_RUS.pdf (дата обращения: 10.09.2020) – (интернет источники)
8. Категории объектов по Экологическому кодексу Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://ecounion.kz/?p=1612> (дата обращения: 14.09.2020) – (интернет источники)
9. Сисекенова Ж. Воздух в Актобе станет чище [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://liter.kz/6075-vozduh-v-aktobe-stanet-chishche/> (дата обращения: 12.08.2020) – (интернет источники)
10. Под Актобе скопилось 700 тысяч тонн химических отходов [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://informburo.kz/stati/pod-aktobe-skopilos-700-tysyach-tonn-himothodov-rochemu-ekologi-protiv-proekta-ih-utilizacii-.html> (дата обращения: 14.08.2020) – (интернет источники)
11. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қарау күні: 10.09.2020) – (интернет көзі)
12. Категории объектов по Экологическому кодексу Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <https://ecounion.kz/?p=1612> (дата обращения: 14.09.2020) – (интернет источники)

13. Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 6 наурыздағы № 60 қаулысы «Қарғалы өзенін және Ақтөбе облысы Жайық-Каспий бассейнінің негізгі көлдерін қоса алғанда Ақтөбе, Сазды, Қарғалы су қоймалары және шағын су қоймаларының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V13C0003551> (қарау күні: 15.09.2020) – (интернет көзі)

14. Ақтөбе су қоймасының Сазды өзеніне қарай су тарту мың гектар жас көшеттерді суаруды қамтамасыз етеді [Электрондық ресурс]. – 2018. – URL: <http://aktobe.gov.kz/?q=kk> (қарау күні: 17.08.2020) – (интернет көзі)

15. Ақтөбе экологиясын қатысты Президент тапсырмасын қалай орындауда [Электрондық ресурс]. – 2019. – URL: https://lenta.inform.kz/kz/magzum-myrzagaliev-aktobe-ekologiyasyna-katysty-prezident-tapsyrmasyn-kalay-oryndauda_ (қарау күні: 10.09.2020) – (интернет көзі)

МРНТИ 06.81.65, 06.54.31

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КАДРОВОГО ПОТЕНЦИАЛА ПРЕДПРИЯТИЯ В ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ

Х.Х. КУСАИНОВ¹, Б.М. ХУСАИНОВ²

¹*Актюбинский региональный университет им. Жубанова, Актөбе, Казахстан*

²*Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, Уральск, Казахстан*

Аңдатпа: Бұл мақалада цифрлық экономикадағы ауылшаруашылық кәсіпорынның кадрлық әлеуетін дамытудың тұжырымдамалық ерекшеліктері қарастырылады. Осыған байланысты уақытша бөліністегі шаруа қожалығындағы жұмысшылар санының динамикасы нақты көрсетілген, қызметкерлердің білім деңгейі анықталған. Ғылыми жұмыста азаматтарды кәсіпкерлік негіздеріне және бизнес жүргізуге цифрлық оқыту көрсетіледі, Батыс Қазақстан облысының еңбек нарығының негізгі цифрлық индикаторлары нақты шығарылды. Мақалада жеке тұлғалардың микро несие алуы туралы, халықты қамтамасыз етуге бөлінген қаржы ресурстарының деңгейі туралы статистикалық сандық ақпарат берілген. Авторлар нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша бизнесті жүргізу жеңілдігінің стандарты сандық рейтингін жүргізді. Агроөнеркәсіптік кешеннің кадрлық әлеуетін жетілдіру көрнекі түрде көрсетілді, цифрландыру элементтерінің көмегімен ауылдарда кәсіпкерлікті дамытудың өзекті мәселелерін шешуге басқарушылық шешімдері анықталды.

Түйін сөздер: экономика, кадрлық потенциал, цифрландыру, саны, білім беру, кәсіпкерлік, еңбек нарығы, оқыту, рейтинг.

Аннотация. В настоящей статье рассматриваются концептуальные особенности развития кадрового потенциала сельскохозяйственного предприятия в цифровой экономике. В связи с этим, наглядно показана